

## Екібастұз қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 111/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 сәуірде № 5461 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2024 жылғы 6 ақпандағы № 118/15 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 06.02.2024 № 118/15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 11.11.2021 № 72/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты **ШЕШІТІ**:

**Ескерту.** Шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 17.02.2022 № 102/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Екібастұз қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі айқындалсын.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 17.02.2022 № 102/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының әлеуметтік және мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Н. Арсютин*

*Б. Куспеков*

Екібастұз қалалық  
мәслихатының 2017 жылғы 17

## **Екібастұз қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

**Ескерту.** 1-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 20.06.2023 № 26/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Екібастұз қаласының аумағындағы тұрақты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

-кondоминиум объектісін басқаруға және kondоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде kondоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

-коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

-мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

2. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындауды уәкілетті орган "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

### **2 - тарау. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері**

3. Коммуналдық қызметтерді төлеуге берілетін тұрғын үй көмегінің ең төменгі мөлшері тоқсандағы айлық есептік көрсеткіш шамасынан айна 0,5 (нөл бүтін оннан бесті) құрайды.

4. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі нормаларға сәйкес жүргізіледі:

- жалғыз тұратын азаматтар үшін-тұрғын үйдің жалпы алаңынан 30 (отыз) шаршы метр;

- 2 және одан да көп адамнан тұратын отбасылар үшін – тұрғын үйдің жалпы алаңынан бір адамға 18 (он сегіз) шаршы метр;

Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін электр энергиясын тұтыну нормасын бір адамға айна - 110 (жұз он) киловатт мөлшерінде анықтау.

Электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар үшін - бір адамға айна 90 ( тоқсан) киловатт.

5. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі "Өлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" № 295/НҚ бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.11.2023 № 93/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы "Табиғи монополиялар туралы" Заңына сәйкес белгіленеді. Егер шығыстарға арналған нормативтер мен тарифтер заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалмаса, шығындарды өтеу нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.

### **3 - тарау. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі**

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсына отырып жүгінеді:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады);

2) аз қамтылған отбасының табысын растайтын құжат. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган айқындейды;

3) зейнетақы аударымдары туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

4) жұмыс орнынан анықтама не жұмыссыз адам ретінде тіркелгені туралы анықтама;

5) балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға арналған алименттер туралы мәліметтер;

6) банктік шот;

7) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге ай сайынғы жарналар туралы шоттар;

8) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

9) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоттар немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмелері;

10) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін шығыстар туралы шоттар.

Осы тармақта көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Көрсетілетін қызметті беруші өздеріне меншік құқығында тиесілі тұрғын үйдің ( Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді ақпараттық жүйелер арқылы алады.

8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын қабылдаған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілдегі орган қабылдайды. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе "жеке кабинетке" электрондық құжат түрінде жіберіледі.

10. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанда құжаттарды тапсыру уақытына қарамастан өткен тоқсанның тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге кеткен жиынтық кіріс пен шығыстар бойынша бір тоқсан мерзімге тағайындалады.

11. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілдегі органмен Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматтының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" №226 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 20498 нөмірмен тіркелген) айқындалған тәртіпте, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанына есептеледі.

12. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) айна кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұсташаға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтерді мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға арналған шекті жол берілетін шығыстар үлесі, табысы аз отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 5 (бес) пайызы мөлшерінде айқындалады.

13. Отбасының еңбекке қабілетті мүшелері белсенді жұмыспен қамту шараларына қатыспайтын, күндізгі оқу нысаны бойынша оқымайтын, мерзімді қызметтің әскери қызметшілері болып табылмайтын, жұмыссыз ретінде тіркелмеген аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды:

- үш жасқа дейінгі бала күтімімен айналысатын тұлғаларды;
- мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, сексен жастан асқан, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж қарттарға күтім жасайтын тұлғаларды;
- уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі екі айдан асатын аурулары бар тұлғаларды;
- туберкулез, психоневрологиялық, онкологиялық диспансерлерде есепте тұрған тұлғаларды;
- 30 (отыз) аптадан асқан жүкті әйелдерді қоспағанда.

14. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді үәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің жеке шоттарына жүзеге асырады.